



## **Футбол қауымдастықтарының халықаралық федерациясы Әлем кубогының Азиялық іріктеу турнирі туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2001 жылғы 27 ақпан N 15-ө

1. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің, Қазақстан футбол одағының, Футбол қауымдастықтары халықаралық федерациясының және Азия футбол конфедерациясының 2001 жылғы 20-26 сәуірде Алматы қаласында Футбол қауымдастықтарының халықаралық федерациясы Әлем кубогының Азиялық іріктеу турнирін (бұдан әрі - Азиялық іріктеу турнирі) өткізу жөніндегі ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Алматы қаласының әкімі Қазақстан футбол одағымен бірлесіп Азиялық іріктеу турнирін ө т к і з с і н .

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Азиялық іріктеу турниріне қатысушылардың келу және кету құжаттарын ресімдеуге жәрдем көрсетсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Азиялық іріктеу турниріне қатысушылар тұратын және жарыстар өткізілетін орындарда қоғамдық тәртіпті және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырсын.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Азиялық іріктеу турниріне дайындық пен оның өткізілуі барысын кеңінен жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Азиялық іріктеу турниріне қатысушыларды тасымалдауға жәрдем көрсетсін.

Премьер-Министр

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК